

2024 жылғы қаңтар-қарашадағы резеңке және пластмасса өнімдері

2024 жылғы қаңтар-қазанда резеңке және пластмасса бұйымдарын **өндіру көлемі 387,5 млрд. теңгені** құрады, бұл **2023** жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен **4,4%-ға төмен**.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде негізгі үлесті пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – **45,7%**, құрылыс пластик бұйымдары – **20,6%**, тауарларға арналған пластик қаптамалар – **13,6%**, өзге де пластик бұйымдар – **12,2%**, өзге де резеңке бұйымдар – **7,3%**, резеңке шиналар – **0,5%** құрады.

Талданатын кезеңдегі **нақты көлем индексі 97,3%** құрады. Шина зауытының іске қосылуы өндіріс көлемінің төмендеуін жояды. Полимерлі өнімдер, атап айтқанда пленкалар мен орауыш өнімдер өндірісінің төмендеуі Қытай мен Иранның импортының өсуіне байланысты болып отыр.

2024 жылғы қаңтар-қазандағы құндық мәндегі резеңке және пластмасса өнімдерінің **экспорт көлемі** 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **45,7%-ға төмендеп, 191,7 млн. АҚШ долларын** құрады. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (72,1%), Қырғызстанға (11,6%)** және **Өзбекстанға (6,9%)** экспортталды.


2024 жылғы қаңтар-қазан айларында резеңке және пластмасса тауарларының **импорты 2 112,1 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **0,5%-ға жоғары**. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі импорты **Ресейден (35,2%), Қытайдан (31,1%)** және **Германиядан (3,9%)** келді.

2024 жылғы қаңтар-қазанда резеңке және пластмасса бұйымдары **нарығының көлемі 2 666,2 млн. АҚШ долларын (1 230,2 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **4,1%-ға артық**. Өндірістің құндық мәнде төмендеуі байқалады, **ОТӨ үлесі 20,8%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **79,2%** құрады.

2024 жылғы қаңтар-қарашада резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең көп көлемі **мынадай өңірлерде байқалады**: Алматы облысы (22,5%), Астана қаласы (15,6%), Алматы қ. (12,1%), Қарағанды облысы (9,7%), Ақтөбе облысы (6,0%).

РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-НОЯБРЬ 2024

387,5
МЛРД ТГ



97,3%
ИФО

- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство прочих пластмассовых изделий
- Производство резиновых изделий

\$191,7
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **79,2%**
отп **20,8%**

\$2 666,2
МЛН



РЫНОК

\$2 112,1
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-октябрь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН ТЕНГЕ